www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube facebook Telegram

№37 /sársenbi/ 10 qyrkúiek 2025 jyl

## 2026 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЖИІ ТӨЛЕЙТІН АЙЫППҰЛДАР КӨЛЕМІ ӨСЕДІ

Қазақстандықтарға ең жиі салынатын 10 айыппұлдың мөлшері келер жылы осылай өзгереді:

1. Жылдамдықты арттыру – ең төменгі айыппұл **5 АЕК – 21 625 теңге;**

2. Жол белгілері мен жолақпен белгіленген талаптарды сақтамау – ең төменгі айыппұл **3 АЕК – 12 975 теңге**;

3. Көлікті тоқтату немесе тұраққа қою ережелерін бұзу – **5 АЕК – 21 625 теңге;**

4. Жаяу жүргіншілердің жол жүру ережесін бұзуы – **2 АЕК – 8 650 теңге;**

5. Көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу – **5 АЕК – 21 625 теңге;**

6. Жолаушылар мен жүктерді қауіпсіздік белбеусіз немесе мотошлемсіз тасымалдау талаптарын бұзу – **5 АЕК – 21 625 теңге;**

7. Қызылға өту – **10 АЕК – 43 250 теңге;**

8.Қоғамдық орында алкогольдік ішімдіктер ішу немесе мас күйде жүру – **5 АЕК – 21 625 теңге;**

9. Қоғамдық орындарды ластау – **10 АЕК – 43 250 теңге;**

10. Міндетті сақтандыру туралы заңнаманы бұзу (заңды тұлға үшін) – **300 АЕК – 1 297 500 теңге.**

**«Айғақ»-ақпарат.**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДАҒЫ СӨЗІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

### «ҚАЗАҚСТАН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЦИФРЛЫҚ ЕЛ БОЛУЫ КЕРЕК»

«Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес, себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек».

### «БІЗ ЖАППАЙ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН БАРЫНША ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.

Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді».



### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТКЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖҮЙЕСІН ТҮГЕЛ ЖАНҒЫРТУ ЖӨНІНДЕГІ НАҚТЫ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

«Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанады. Ал, қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек.

Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ. Бірақ, көзге оттай басылатын нәрсе: елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті, жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-Министр он күн ішінде нақты ұсыныс беруге тиіс.

Бұдан бөлек, Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді тапсырамын».

### ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: «ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ТОЛЫҚҚАНДЫ ЭКОЖҮЙЕСІН ТЕЗІРЕК ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЖӨН»

«Цифрлық активтердің толыққанды экожүйесін тезірек қалыптастырған жөн. Цифрлық теңгенің енгізілуі бұл жұмысқа септігін тигізіп жатыр. Қазіргі таңда жобаларды Ұлттық қор есебінен қаржыландыру кезінде цифрлық теңгені қолданып жүрміз. Енді оның қолдану аясын одан әрі кеңейту қажет. Цифрлық теңгені республикалық және жергілікті бюджетте, мемлекеттік холдингтердің бюджетінде пайдалануға болады.

Қазіргі заманның талабын ескере отырып, криптоактивтерге баса назар аудару керек. Ұлттық банктің инвестициялық корпорациясы негізінде Цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құрған жөн. Бұл құрылымда жаңа цифрлық қаржы жүйесіндегі болашағы зор активтерден құралған стратегиялық крипторезерв жинақталады.

Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ, оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алаяқтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан, кибер-қылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микро-қаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен, бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн.

Кибер-қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн».

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «АЛАТАУ ҚАЛАСЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ БОЛУҒА ТИІС»

«Қарқынды өсіп келе жатқан көптеген мемлекетте даму көшінің басында жүретін қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған. Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс. Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмысы аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды.

Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шэньчжэнь жа»андық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады.

Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру. Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек.

Содан кейін жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс.

Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуға тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек.

Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпақ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруге барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет».

### ПРЕЗИДЕНТ АЙМАҚТАРДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ ИНДЕКСІН ЕНГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ

«Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Әкімдердің аймақтағы инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін белгілеу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексін енгізуге тиіс. Мүмкін, бұл жұмысқа тәуелсіз сарапшыларды тартқан жөн болар.

Бірақ, қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойып» жатыр. Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бәріне ортақ болғанмен, ол біздің жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құрсаудан шығуымыз керек. Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет.

Үкімет пен Ұлттық банк мемлекеттік ауқымдағы міндетті алдына қойған біртұтас команда ретінде жұмыс істеуі керек. Қазір әркім көрпені өзіне қарай тартатын кез емес».

Жалғасы 4-5 бетте

## АУЫЛ ЖАСТАРЫНА ЖАҢА СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында жастар мен балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басты бағыты екенін үнемі атап келеді. Президенттің тапсырмасымен елімізде бұқаралық спортқа жаңа серпін беріліп, әр өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Әсіресе «Ауыл – ел бесігі», «1000 мектеп – 1000 балабақша», «Дені сау ұлт» секілді ұлттық жобалардың негізгі мақсаты – ауыл мен қала арасындағы теңсіздікті азайтып, өскелең ұрпаққа сапалы білім алып, спортпен тұрақты айналысуға жағдай жасау. Осы бағытта Ордабасы ауданына қарасты Шұбар елдімекенінде бой көтеріп жатқан жаңа спорт кешені – ауыл жастары үшін зор мүмкіндік. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан нысан 50 балаға арналған бір қабатты заманауи ғимарат болып тұрғызылуда. Жалпы аумағы 1,5 гектарды қамтитын кешен пайдалануға берілген соң ауыл тұрғындары мен жастар үшін спортпен шұғылдануға кең мүмкіндік туады. Мұнда тек жаттығу емес, түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізуге де жағдай жасалады.

Нысан басына арнайы барып, спорт кешеніндегі құрылыс жұмыстарымен таныстым. Ордабасы ауданы әкімінің орынбасары Олжас Болатханұлы мен мердігер мекеме өкілдері жобаның барысын егжей-тегжейлі баяндап берді. Айтуларынша, нысан құрылысы 2025 жылдың наурыз айында басталған. Қазіргі таңда жұмыстар жоспарлы кесте бойынша қарқынды жүріп жатыр. Келесі жылға өтпелі болғанымен, мердігер компания белгіленген мерзімде сапалы әрі уақытылы аяқтауды басты міндет деп отыр.

Аудан әкімінің орынбасары Олжас Болатханұлының айтуынша, спорт саласындағы даму мұнымен шектелмейді:
– Бүгінде ауданда екі спорт нысанының құрылысы қатар жүргізілуде. Сонымен бірге тұрғындардың мәдени өмірін жақсарту мақсатында екі жаңа мәдениет үйі салынып жатыр. Ал білім беру саласы – басты назарда. Қазіргі уақытта бес мектептің құрылысы қолға алынды. Бұл – балалардың сапалы білім алуына, мұғалімдердің жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам, – деді ол.

Мемлекет қаржысы есебінен салынып жатқан әрбір нысан – халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс. Сол себепті құрылысқа жауапты мамандарға жұмысты сапалы атқарып, уақытында аяқтау – бәрімізге ортақ міндет екенін ерекше атап өттім. Бұл кешен ауылдағы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруына тың серпін беретіні сөзсіз. Ең бастысы, жастардың спортқа деген қызығушылығы артып, ауылдан да жаңа чемпиондар өсіп шығуына жол ашылады. Президент айтқандай, «Болашақтың тірегі – білімді әрі дені сау ұрпақ». Ал мұндай спорт нысандары – сол болашаққа салынған берік іргетас.

**Дулат АБІШ,**
*Түркістан облысы мәслихатының депутаты.*

## ТОҚЫМА ӨНДІРІСІНІҢ АУҚЫМДЫ ЖОБАСЫ ІСКЕ АСУДА

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп тең дәрежеде дамып келеді. Соңғы жылдары өңірде агроөнеркәсіп кешенін қайта өңдеуге басымдық беріліп, жаңа өндірістік қуаттар ашылуда. Соның бірі – «Түркістан Текстиль» ЖШС қолға алған мақта-мата кластері. Жобаның құрылыс барысымен облыс әкімі Нұралхан Көшеров арнайы танысып, оның аймақ экономикасы үшін маңыздылығын атап өтті.

Бұл еліміздегі ең ірі тоқыма кластерлерінің бірі болмақ. Жалпы құны 86,5 млрд теңгені құрайтын жоба толық іске асқанда 2345 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Өңірде өндірілген мақта шикізаты толық өңделіп, экспортқа бағытталған дайын өнім шығарылады. Бұл өз кезегінде жергілікті диқандар үшін тұрақты өткізу нарығын қалыптастырады.



«Біз шикізатты тек өсіріп қана қоймай, оны толық өңдеп, қосылған құны жоғары өнімге айналдыруымыз қажет. Бұл – Президент тапсырмасы. Түркістан облысы мақта егетін жалғыз өңір. Ендеше, тоқыма кластері саланың болашағын айқындайтын маңызды тетік болады. Біз бұл жобаны жіті бақылауда ұстаймыз», – деді облыс әкімі Нұралхан Көшеров.

«Turkistan Textile» жобасы толық өндірістік циклді қамтиды. Онда элиталық сұрыпты мақта тұқымын өсіруден бастап, жіп иіру, мата тоқу, киім тігу және дайын өнімді ішкі нарыққа шығару мен экспорттау қарастырылған. Мұндай кешен ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіпті ұштастырып, өңірдің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде облыстың ІЖӨ-сін арттырып, салық базасын кеңейтуге әрі жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда өндірістік корпустар мен жұмысшыларға арналған жатақхананың құрылысы аяқталуға жақын. Жобаның бірінші кезеңі биыл іске қосылса, қалғаны келер жылдың соңына дейін кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі. Ауқымды жобаны қаржыландырып отырған – тоқыма саласында халықаралық деңгейде танымал Қытайлық «Lihua Group» компаниясы.

## МАҚТА ТЕРІМ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысы әкімінің тапсырмасына сәйкес, алдағы мақта терімі кезінде туындауы мүмкін мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Ол зауыттар мен қабылдау бекеттерінің жұмысын тұрақты бақылап, жағдайды облыс әкімінің тікелей назарында ұстайды.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың төрағалығымен өткен мәжілісте аудан әкімдері, диқандар, мақта өңдеу зауыттарының басшылары мен құқық қорғау органдарының өкілдері саладағы өзекті мәселелерді талқылады.

Жетісай ауданында биыл 116,2 мың тонна мақта жиналады деп күтілуде. Науқанға 715 трактор, 897 тіркеме, 61 дәрілегіш ОВХ агрегаты және 222 комбайн дайындалған. Өңірде 7 мақта өңдеу зауыты мен 77 қабылдау бекеті жұмыс істемек.

Шардара ауданында 16 814 гектар алқаптан 42 мың тоннадан астам өнім алу жоспарланған. Қазіргі таңда ауыл округтеріндегі қабылдау бекеттерінің дайындығы пысықталуда.

Мақтаарал ауданында егілген 35,1 мың гектар жерден гектарына 27,1 центнер өнім күтіліп отыр.

Жиын барысында шаруалар өз ұсыныстарын ортаға салып, зауыт өкілдері де проблемалары мен биылғы жоспарларын баяндады.

Нұрбол Тұрашбеков аудан әкімдіктеріне шитті мақтаны сатып алу мен терең өңдеуге инвестор тартуды тапсырды. Сонымен бірге зауыттардың өндірістік мүмкіндіктерін саралап, қабылдау қуаттылығы бойынша нақты болжам ұсынуды міндеттеді.

«Шаруалардың құқығын қорғау үшін бірыңғай сату-сатып алу келісімшартын енгізу қажет. Келісімде қаржы төлеу мерзімі айқын көрсетілуі тиіс. Ортақ жұмысты күшпен емес, ақылмен ұйымдастыруымыз керек», – деді облыс әкімінің орынбасары.

## АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН КІРПІШ ЗАУЫТЫ ЭКОЛОГИЯҒА ЗИЯНЫ АЗ



Түркістан облысы Ордабасы ауданының Ықыластемір елді мекенінде «Altyn land» ЖШС-ның заманауи автоматтандырылған кірпіш зауыты пайдалануға берілді.

Жаңа кәсіпорынның ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Нұралхан Көшеров ұжымға сәттілік тілеп, бұл жобаның аймақ экономикасына қосар үлесін ерекше атап өтті.

– Бүгін біз жаңа деңгейдегі инновациялық өндіріс орнының іске қосылуына куә болып отырмыз. Бұл – жай ғана зауыт емес, біздің бірлескен еңбегіміздің және нақты стратегиялық қадамдарымыздың нәтижесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті өнім өндірушілердің әлеуетін барынша пайдалану қажеттігін үнемі айтып келеді. Осы бағытта облыста жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қысқа мерзімде салынып, пайдалануға берілген бұл кәсіпорын – жергілікті атқарушы органдар мен инвесторлардың нәтижелі ынтымақтастығының көрінісі. Өндіріс шағын және орта бизнестің дамуына, салық түсімдерінің артуына, жергілікті бюджеттің нығаюына серпін береді. Сондай-ақ, құрылыс саласының өркендеуіне ықпал етері сөзсіз. Алдағы уақытта да осындай жобаларға жан-жақты қолдау көрсетілетін болады, – деді өңір басшысы.

Жоба жеке кәсіпкердің қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Құны – 2,3 млрд теңге. Зауыт құрылысы 2024 жылдың сәуір айында басталып, тамызда толық аяқталды. Нәтижесінде 120 жаңа жұмыс орны ашылды. 3 гектар аумақта орналасқан кәсіпорын жылына 90 млн дана кірпіш өндіруге қауқарлы. Қазіргі уақытта сынамалық өнімдер шығарылуда.

Зауыт жұмысы озық технологияларға негізделген. Мұнда жылжымалы туннельді пеш жүйесі қолданылады, өндіріс процесі толықтай автоматтандырылған. Қондырғылар Қытайдың жаңа үлгідегі инновациялық жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, экологиялық қауіпсіздікке баса мән берілген: кірпіш күйдіру кезінде газ пайдаланылады, бұл зиянды қалдықтардың мөлшерін азайтып, қоршаған ортаға түсетін жүктемені жеңілдетеді.

## 59 МЫҢ ГЕКТАР АЛҚАПҚА СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЕНГІЗІЛДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында ауыл шаруашылығында суды үнемдейтін заманауи технологияларды кеңінен енгізу міндетін жүктеген болатын. Президент тапсырмасына сәйкес жыл сайын су үнемдеу жүйелерін қолдану аумағын 150 мың гектарға дейін жеткізу көзделген.**

**Осы бағытта Түркістан облысында қарқынды жұмыстар атқарылуда. Биыл өңірде жоспарланған 27 мың гектардың орнына нақты 59 мың гектар жерге су үнемдеу технологиялары енгізілді. Оның ішінде 44 мың гектарға – тамшылатып суару, 15 мың гектарға – жаңбырлатып суару жүйелері орнатылды. Нәтижесінде облыста жалпы 114 мың гектар жер су үнемдеу тәсілдерімен қамтылып, суармалы алқаптардың 20 пайызын құрап отыр.**

**Бұл жаңашылдықтың тиімділігі зор. Тамшылатып және жаңбырлатып суару әдістері ағын суды екі есеге дейін үнемдеп қана қоймай, егіннің өнімділігін 2–3 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге минералды тыңайтқыштарды дәл мөлшерде қолдануға жағдай жасап, жердің құнарлылығын сақтауға ықпал етеді.**

Бетті



**Су үнемдеу технологияларын қолжетімді ету үшін өңірде өндірістік инфрақұрылым да дамып келеді. Былтыр Сауран ауданындағы Өндірістік парк аумағында жалпы құны 12 млрд теңгені құрайтын үш кәсіпорын іске қосылды. Олардың жылдық қуаттылығы 73 мың гектарға дейінгі алқапты заманауи суару жүйелерімен қамтамасыз етуге жетеді.**

**Биыл да осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Жалпы құны 10 млрд теңге болатын тағы үш кәсіпорынды іске қосу жоспарланған. Бұл жобалар қосымша 60 мың гектар алқапты қамтуға мүмкіндік береді.**

**Алдағы уақытта жаңа өндірістік қуаттардың іске қосылуы нәтижесінде Түркістан облысы ғана емес, көршілес өңірлер де су үнемдеу технологияларымен қамтылатын болады.**

**Сарапшылардың айтуынша, су ресурстарын тиімді пайдалану – ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттырумен қатар, экспорттық әлеуетті де күшейтеді. Түркістан облысы – мақта мен бақша өнімдерінің негізгі өндірушісі. Сондықтан су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану диқандардың еңбегін жеңілдетіп, шығынды азайтып, табысты еселеуге мүмкіндік бермек.**

# «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ ЕЛ»: ПОЛИЦИЯ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА АТСАЛЫСУДА



Шымкент қаласында республикалық «Бақытты отбасы – бақытты ел» акциясы басталды. Шараны Шымкент қаласы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе ұйымдастыруда. Акция 27 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында өтеді.

Бұл бастаманың негізгі мақсаты – отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға қоғам назарын аудару және зардап шеккен азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету. Шара аясында мамандар отбасы мүшелеріне психологиялық, педагогикалық және құқықтық көмек көрсетіп, сенім телефондары мен дағдарыс орталықтары туралы ақпарат таратпақ.

Отбасылық құндылықтарды сақтауға, әйелдердің құқықтарын қорғауға және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске бағытталған бұл акция Мемлекет басшысы мен Ішкі істер министрлігінің ерекше бақылауында.

Полиция қызметкерлері қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың әлеуметтік мәселелеріне де бей-жай қарамайтынын дәлелдеп келеді. Осындай игі шаралар арқылы тәртіп сақшылары қоғам сенімін нығайтып, отбасы амандығын қорғаудағы маңызды рөлін айшықтап отыр.

# КЕЗЕКТІ «ЖАС САҚШЫ» СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ



Шымкент қаласындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы мектепте жаңа «Жас сақшы» кадет сыныбының салтанатты ашылуы өтті. Жаңа сыныпқа қызмет бабында ерлікпен қаза тапқан полиция қызметкері Нұржан Алтынбековтің есімі берілді.

Іс-шараға Шымкент қаласы Полиция департаменті бастығының орынбасары Маулен Ахметов қатысып, жас кадеттерді құттықтады.

— «Жас сақшы» сыныптарының ашылуы – өскелең ұрпақты тәртіпке, жауапкершілікке әрі ең жақсы адами қасиеттерге баулудың маңызды қадамы. Жасөспірімдерге отансүйгіштік пен заңға құрмет сезімін ерте жастан бойына сіңіру қажет. Бүгінгі кадеттер ертең елдің заңын қорғап, халық сенімін ақтайтын абыройлы азамат боларына сенемін», – деді ол.

Айта кетейік, өткен жылы Шымкентте үш «Жас сақшы» сыныбы ашылған болатын. Онда оқушылар полиция қызметінің қыр-сырымен танысып, әскери дайындық пен құқық негіздерін меңгеруде.

Жаңа оқу жылы қарсаңында өткен бұл игі шара жасөспірімдерді білімге, тәртіпке және Отанға адал қызмет етуге ынталандыра түсті. Полиция өкілдері кадеттерді оқу жылының басталуымен құттықтап, табандылықпен білім алуға шақырды.

Осындай бастамалар ішкі істер органдарының жас буынды тәрбиелеудегі, олардың бойына елжандылық, батылдық және заңға адалдық қасиеттерін сіңірудегі маңызды рөлін айқын көрсетеді.

# ЕРЖҮРЕК ПОЛИЦЕЙЛЕР ЖАНАРМАЙ БЕКЕТІНДЕГІ ЖАРЫЛЫСТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

Бесінші қыркүйек түні патрульдеу кезінде шымкенттік полиция инспекторлары Ерсұлтан Өмірзақов пен Рахат Мырзабеков өздерінің қырағылығы мен батыл қимылының арқасында үлкен апаттың алдын алды.

Қала көшелерін аралау барысында тәртіп сақшылары автожанармай бекеті аумағынан көтерілген қою түтінді байқап, бірден оқиға орнына жеткен. Жағдайдың қауіптілігін дер кезінде бағамдаған олар шұғыл түрде "101" қызметіне хабар беріп, өрт жайлы мәліметті жеткізді.

Өрт сөндірушілер келгенге дейін полицейлер жанармай бекетінің аумағында тұрған автокөлікті қауіпсіз жерге шығарып, азаматтарды эвакуациялауға кірісті. Осылайша, олардың кәсіби іс-әрекеті көптеген адамның өмірін сақтап қана қоймай, жарылыс қаупін болдырмады.

Бұл оқиға – тәртіп сақшыларының тек қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген төтенше жағдайда азаматтардың өмірін қорғау үшін жанқиярлықпен әрекет ететінін айқын көрсетеді. Ерсұлтан Өмірзақов пен Рахат Мырзабековтің ерлігі – елге адал қызмет етудің жарқын үлгісі.

# ЕСІРТКІ ЖЕТКІЗУ АРНАСЫ ЖОЙЫЛДЫ

Шымкент қаласында полиция қызметкерлері ірі көлемдегі синтетикалық есірткі жеткізу арнасының жолын кесті. Бұл туралы Polisia.kz хабарлайды.

Қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету және жастарды зиянды әдеттерден қорғау мақсатында елімізде есірткіге қарсы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде. Соның бірі – «Қарасора – 2025» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында шымкенттік тәртіп сақшыларының қырағылығының арқасында кезекті қылмыстық әрекет әшкереленді.

Жедел шара барысында Алматы қаласының тұрғыны ұсталып, оның басқаруындағы автокөліктен 2 келіден астам синтетикалық есірткі табылып, тәркіленді.

Бұған қоса, полицейлер есірткі заттарын байланыссыз тәсілмен таратумен айналысқан жергілікті тұрғынды да ұстады. Оның тұрғылықты мекенжайын тінту кезінде 200 грамнан асатын психотроптық зат анықталып, айғақ зат ретінде алынды.

Аталған фактілер бойынша қылмыстық істер қозғалып, күдіктілер қамауға алынды. Қазіргі таңда тергеу амалдары жүргізілуде.



Бұл операция полицияның қоғам қауіпсіздігін қорғаудағы, жастарды есірткі уысынан сақтап қалудағы жоғары кәсібилігін, табандылығын және заң алдындағы адалдығын көрсетеді.

# ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ ШЫМКЕНТ ГАРНИЗОНЫНДА ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТЕКСЕРДІ

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов Шымкент гарнизонына жұмыс сапарымен келіп, бірқатар әскери бөлімдер мен мекемелердің қызметін, инфрақұрылымын және әскери қызметшілерге жасалған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды тексерді.**

Сапар аясында министр күзгі әскерге шақыру науқанының барысымен танысып, қалалық шақыру пунктіне барды. Онда әскерге шақырылушыларға жасалған жағдайларды, медициналық комиссиядан өту тәртібін зерделеп, алғашқы сарбаздармен және Қарулы күштердің ардагерлерімен сұхбаттасты.

Арнайы операциялар күштері бөлімшелерінің инфрақұрылымын аралаған Дәурен Қосанов олардың жауынгерлік дайындығын бағалап, оқу-жаттығу кешенінде қала жағдайында ұрыс жүргізу және ғимаратты шабуылдау элементтерін тамашалады.

Қалалық аумақтық қорғаныс бригадасында министр резервтегі әскери қызметшілерді қайта даярлау іс-шараларының орындалуы жөнінде баяндама тыңдап, арнайы шабуылдау жолағы мен оқу инфрақұрылымымен танысты.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының механикаландырылған бригадасында министр мерзімді әскери қызметшілерге жасалған тұрмыстық жағдайға ерекше назар аударды. Сарбаздар жеке гигиеналық құралдармен толық қамтамасыз етілген, әр тумбочкада қажетті заттар жиынтығы бар. Сонымен қатар, медициналық қамтамасыз ету жүйесі де оң тәжірибе ретінде атап өтілді. Әр сарбазға жеке медициналық карта жүргізіліп, онда денсаулық жағдайы туралы мәліметтер толық тіркеледі. Бұл қажетті дәрі-дәрмекпен уақытылы қамтамасыз етуге және төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету дағдыларын жетілдіруге жағдай жасайды.

Бетті дайындаған: Үлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

# САБЫР РАХЫМОВ АТЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласында Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор С.Рахымов есімін иеленген әскери колледждің




ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға ҚР Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Д.Қосанов пен қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты.

Салтанат дәстүр бойынша С.Рахымовтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Оған оқу орнының жеке құрамы, ардагерлер, қоғам өкілдері және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысып, даңқты қолбасшыны бір минут үнсіздікпен еске алды. Қорғаныс министрі өз сөзінде жаңа колледждің тарихи мәніне тоқталды:

– Жаңа оқу орны батылдықтың, әскери борышқа адалдықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің символы – даңқты командир С.Рахымовтың есімімен байланысты. Колледждің басты міндеті – кәсіби дағдыларды меңгерген, жауапкершілігі жоғары әрі ел тәуелсіздігі жолында қызмет етуге дайын сержанттар даярлау, – деді Д.Қосанов.

Министр оқытушылар мен командирлерге тек әскери машықтарды ғана емес, сонымен қатар жас ұландарға ұлттық рух, адамгершілік құндылықтар мен патриоттық сезімдерді сіңіруді тапсырды.

Салтанатты іс-шара барысында колледждің үздік әскери қызметшілері марапатталды.

Ұландардың көрсетілімінен кейін қонақтар оқу корпусы мен казарма жағдайымен, кітапхана, мұражай, асхана, спорт залы мен стадионды аралап танысты.

Жаңа оқу орнының ашылуы – елдің қорғаныс қабілетін арттыруға, кәсіби сержанттар корпусын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

## ЖЕТІСАЙҒА ТҮРІК ИНВЕСТОРЛАРЫ ЖЫЛЫЖАЙ МЕН КӨКӨНІС САҚТАУ ҚОЙМАСЫН САЛУДЫ ЖОСПАРЛАУДА

Жетісай ауданында инвестиция тарту және жаңа жобаларды жүзеге асыру арқылы жұмыссыздықты азайтуға бағытталған жұмыстар жалғасуда. Бұл бастама Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес іске асырылып келеді.

Аудан әкімі Серік Мамытов «Горкем Тарым» компаниясының басшысы Горкемоглу Факуруллахпен кездесіп, ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады. Кездесуде өндірістік жылыжай кешенін және көкөніс сақтау қоймасын салу, ауданда өндірілген жеміс-жидекті шетелге экспорттау, бау-бақша өсіру мен сапалы көшеттерді жеткізу мәселелері қарастырылды.

Серік Мамытов ауданда қайта өңдеу кәсіпорындарын ашу үшін барлық мүмкіндік бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, Жетісайдың негізгі табысы ауыл шаруашылығына тиесілі, шаруалар мақтамен қатар бақша өнімдерін де мол көлемде өсіреді. Сондықтан шикізат тапшылығы болмайды, ал аудан экономикасына серпін беретін кез келген инвестициялық жобаларға қолдау көрсетіліп, олардың кедергісіз іске асуына жағдай жасалады.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен кәсіпкерлерге берілетін мемлекеттік қолдау көлемі артып келеді. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда Жетісайға 90,2 млрд теңге инвестиция тартылды. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 419,6 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Тек өткен жылдың өзінде жалпы құны 4,3 млрд теңгені құрайтын 8 жоба жүзеге асып, 262 жаңа жұмыс орны ашылды.

## АЛҒАШҚЫ САРБАЗДАР ОТАН ҚОРҒАУҒА АТТАНДЫ

Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі қатарындағы бөлімдерге алғашқы шақырылушыларды аттандыруға арналған салтанатты рәсім өтті. Еліміздің болашағын қорғауға ант берген жас сарбаздардың алғашқы 22-сі Маңғыстау облысындағы шекаралық бөлімшелерге жол тартты.

Іс-шараға қала қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Әбдіғабит Шегебаев қатысып, биылғы күзгі әскерге шақыру науқаны аясында 2 қазанға дейін Шымкенттен шамамен 170 жас азамат шекаралық бөлімдерге жөнелтілетінін айтты. Ал жалпы, күзгі шақыру кезеңінде қала бойынша 1500-ге жуық жас әскер қатарына алынады.

Полковник өз сөзінде Отан алдындағы борышты өтеудің әрбір жас үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті. Сонымен бірге әскерге шақырылғандардың құқықтық тұрғыда толық ақпараттандырылып, медициналық тексеруден өтіп, психологиялық және әлеуметтік бейімделуге ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді.

Жас сарбаздардың бірі Диас Әбдіхалық өзінің әскерге бару шешімін мақтанышпен бөлісті:

– Әскердегі қызмет – бұл менің азаматтық борышым әрі болашағыма ашылған жол. Мерзімді әскери қызметтен кейін мемлекеттік грант арқылы жоғары білім алу жоспары бар. Ең бастысы – Отан алдындағы парызымды абыроймен орындау, – деді ол.

Салтанатты шара барысында қорғаныс істері департаментінің басшылығы жас сарбаздарды құттықтап, оларға төзімділік пен тәртіп, табандылық пен ерлік тіледі.

Бұл күн – жас сарбаздардың өміріндегі жаңа белес қана емес, сонымен қатар еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қорғау жолындағы патриоттық парызды орындаудың айшықты сәті. Шымкенттен шыққан әрбір сарбаз – елдің берік қалқаны, Отанның сенімді қорғаушысы.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

### ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: «ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ»

Біз алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын кемінде үш кәсіпорынды іске қосуға тиіспіз. Сондай-ақ, Үкімет көмірсутегі шикізатын терең өңдейтін бірқатар озық жобаны жүзеге асыруы қажет.

Атырауда ірі газ-химия кешенінің құрылысы басталды. Павлодарда сұйытылған газды терең өңдеуге арналған жоба қолға алынды. Осы кәсіпорындардың дер кезінде іске қосылуын қамтамасыз ету керек.

Ілеспе газ бен сұйытылған мұнай газын қажетке жарату мәселесін түбегейлі қайта қараған жөн. Оны толыққанды экономикалық ресурсқа айналдыру қажет.

Инвесторлар жобаларды жүзеге асырған кезде газ шикізатынан тапшылық көріп отыр. Сондықтан, бұл мәселені де шешу жолдарын табуымыз керек, инвесторларды ұзақ уақыт газбен қамтамасыз етуге нақты кепілдік беретін жаңа тәсілдер ойластырған жөн. Жобаның бәрін дер кезінде іске асырып, экономиканы цифрлық тұрғыдан жаңғырту үшін электр энергиясы жеткілікті көлемде болуы қажет».

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «ЕКІНШІ, ТІПТІ ҮШІНШІ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАЗІРДЕН БАСТАП ЖОСПАРЛАЙ БЕРУІМІЗ КЕРЕК»

«Ядролық энергетиканы дамытуға бет бұруымыздың мән-маңызы айрықша. Бір ай бұрын Алматы облысында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырыла бастады. Бірақ экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек.

Жақында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен өткен кездесуде елдеріміздің атом саласындағы стратегиялық серіктестігі туралы уағдаластыққа қол жеткіздік.

Қазақстан әлемдік компаниялардың бәрімен өзара тиімді байланыс жасауға дайын. Бұл ұстаным еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді.

Қазақстанның сапалы көмір қоры орасан. Сондықтан оның табиғатты ластамайтынына кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Өзіміздің табиғи артықшылықтарымызды ел игілігіне дұрыс пайдалана білу керек».

### ПРЕЗИДЕНТ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУДІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ РЕТІНДЕ АТАДЫ

«Геологиялық барлау саласы ауқымды инвестицияға мұқтаж. Үкімет бұл өзекті мәселені ескеру керек. Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң жүзіндегі және іс жүзіндегі рәсімдерін жыл соңына дейін аяқтау керек».

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «ЕҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТІҢ БІРІ – АГРОХАБТАР ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ»

«Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробизнесті қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат – ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Сонымен қатар, осы саланың экспорттық әлеуетін күшейту.

Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ, нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят.

Бұған қоса, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек. Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуге тиіс. Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірқатар мемлекеттік органның ортақ міндеті. Сондықтан іс-әрекеттерді Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіріп отыру керек».

### ПРЕЗИДЕНТ: «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНЫП, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНЕ СПУТНИКПЕН МОНИТОРИНГ ЖАСАУДЫ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КЕРЕК»

«Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою қажет. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынуы қажет.

Бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды. Қазірдің өзінде космомониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап, оның бәрін қайтаруға септігін тигізіп жатыр. Жұмысты жалғастыру қажет.

Жасанды интеллектіні қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дәнді-дақылдардың жай-күйіне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс. Бұл – орман шаруашылығына да қатысты мәселе. Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың гектар орманның иесіз жатқаны анықталды.

Бұдан бөлек, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет».

### ПРЕЗИДЕНТ: «АВТОКӨЛІКПЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫ ҮКІМЕТ ПЕН ӘКІМДІКТЕРГЕ ТАПСЫРАМЫН»

«Ішкі тасымалдың көлемін және бәсекеге қабілетін арттыру үшін тариф саясатының тиімді әрі түсінікті болуы айрықша маңызды рөл атқарады. Қазіргі тариф қалыптастыру жүйесінде біріздiлік жоқ, ол нарыққа икемделмеген.

Үкімет жыл соңына дейін көліктің барлық түрін ескере отырып, бәсекеге қабілетті тариф саясатын әзірлеуге тиіс.

Жүк тасымалдаушылар рәсімдердің көп уақыт алатынын айтып, жиі шағымданады. Олар әр қызметті түрлі цифрлық жүйе арқылы рәсімдеуге мәжбүр. Тіпті, бұрынғыдай қағаз толтырып, әуре-сарсаңға түсіп жатады. Кейбір шекара және кеден бекетінде сапалы интернет жоқ. Бұл да жұрттың наразылығын туғызады. Осындай келеңсіз жағдайларды тез арада түзетуіміз қажет.

Сонымен қатар жасанды интеллектіні қолдана отырып тасымалды басқарудың кешенді, көпбейінді цифрлық платформасын енгізу керек. Бұл жұмысты тездетіп аяқтау қажет.

Қазан айының соңына дейін кеден және логистика қызметін көрсететін Smart Cargo бірыңғай цифрлық жүйесін іске қосқан жөн. Бұл жүйе инфрақұрылымды жеке компанияларға автоматты түрде бірдей қолжетімді етеді».

### ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: «ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯДАҒЫ КӨЛІК ХАБЫ БОЛУҒА ТИІС. БҰЛ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАЫҢЗЫ ЗОР МІНДЕТ»

«Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек.

Тағы бір маңызды мәселе – әуемен жүк тасымалдау ісіне айрықша назар аудару қажет. Бұл саладағы ахуал жақсарып келе жатыр. Дегенмен, оның көлемін арттыра түсуге мол мүмкіндігіміз бар. Мен бұған дейін әуемен тасымалданатын жүк көлемін екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бердім.

Бұған бірінші кезекте, шетелдің ірі инвесторларын тарта отырып Ұлттық жүк тасымалдаушы компания құру арқылы қол жеткізуге болады.

Электронды сауда-саттық пен озық технологиялық өнімдердің саудасы қызып тұрған қазіргі кезде әуемен жүк жеткізу аса жоғары сұранысқа ие әрі табысы көп тасымал түрі саналады. Сондықтан біз әуе хабтарын белсенді түрде дамытып, олардың жа»андық логистика тізбегіне кірігуін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Сонымен қатар экспресс-жүк тасымалдау саласын ретке келтіру қажет. Бұл қадам тұтынушылардың мүддесін қорғау үшін керек.

Қазір бүкіл әлемде пилотсыз жүк тасымалдайтын арнайы автокөліктер мен дрондар сияқты көлік түрлері дамып жатыр. Үкімет осындай технологиялардың тез арада қолданысқа енгізілуіне барынша жағдай жасауы қажет. Соның ішінде, тиісті құқықтық актілер қабылдауы керек.

Жалпы, мен бұған дейін бірнеше рет айттым: Қазақстан Еуразиядағы көлік хабы болуға тиіс. Бұл – стратегиялық маңызы зор міндет.

Бұл жұмысқа осы салада табысқа жеткен үздік мамандар мен кәсіпкерлерді тарту керек. Бірақ, негізгі жауапкершілік – Үкіметте.

Тапсырманың орындалу барысын жылдың басында Үкіметтің жылдық есебінен кейін арнайы жиналыста қараймыз».

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ӘРДАЙЫМ ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУҒА БАСА МӘН БЕРІП, ОСЫ ЖҰМЫСҚА ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ»

«Тағы бір маңызды мәселе, бұл – туризм. Жалпы, бұл салада біраз түйткілді мәселе бар. Шынын айту керек, кәсіби кадрлар тапшы. Осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы.

Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Бұл жұмыс менің жеке бақылауымда. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды.

Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады. Ал шетелден туристер тарту мәселесі және отандық туризм саясатын заң тұрғысынан қамтамасыз ету орталық органдардың назарында болады.

Осы орайда, Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тау туризмі мен тау шаңғысы туризміне арнайы тоқталғым келеді. Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДАҒЫ СӨЗІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның бетке ұстар ұлттық бренді болмақ».

**«ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ҮНЕМШІЛ БОЛУҒА ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЕНГІЗУ КЕРЕК.**

«Жаңа Құрылыс кодексі осы саланың қауіпсіз әрі ашық болуына және тұрақты дамуына жол ашатын берік заңнамалық негізге айналуға тиіс. Құжатты жыл соңына дейін қабылдау керек. Депутаттардың бұл жұмысқа атсалысуын сұраймын».

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТКЕ СУ РЕСУРСТАРЫНЫ БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫН ЖАСАУ МІНДЕТІН ЖҮКТЕДІ**

«Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады.

Сондай-ақ каналдардың, су қоймалары мен бөгеттердің жай-күйі жөніндегі ақпарат болады. Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі. Онсыз бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес».

**ПРЕЗИДЕНТ: «КАСПИЙ ТЕҢІЗІ – БІР ЕЛДІҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ АЙМАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫНА ҚАТЫСЫ БАР МӘСЕЛЕ»**

«Каспий теңізінің тартылып бара жатқаны жұртты алаңдатып отыр. Тиісті шара қолданбасақ, бұл аса үлкен экологиялық апатқа айналуы мүмкін. Сол себепті мен жақында Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында осы маңызды мәселеге арнайы тоқталдым, Ұйым аясында Су мәселелері жөніндегі кеңес құру туралы ұсыныс айттым.

Каспий теңізі – бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың тағдырына қатысы бар мәселе. Сондықтан жұмылып әрекет ету қажет. Үкімет Каспийдің су ресурстарын сақтау туралы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуді қолға алуы керек. Оны серіктес мемлекеттермен келісу қажет. Бұл құжат Каспий маңындағы елдердің үйлесімді әрі жедел әрекет етуіне арқау болуға тиіс.

Бүгін біз су мәселесі бойынша дұрыс және орынды шешім табатын болсақ, ертең соның игілігін кейінгі ұрпақ көретін болады. Балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры біздің әрекетімізге тікелей байланысты болмақ. Біз – өз болашағымызға өзіміз жауаптымыз. Суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – институционалдық және технологиялық шешімдерден, тіпті, осы бағытта бөлінетін қаражаттан да маңызды іс».

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚҰЗІРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНАН ҚОЛҒА АЛЫНУҒА ТИІС»**

«Жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады.

Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елордада балаларды дамыту орталықтарын жеке қаражат тарту арқылы салу тәжірибесі бар. Мұны барлық аймаққа тарату қажет. Көптеген кәсіпкер дәл осы мәселе бойынша көмек көрсетуге әзір екенін білдіріп жатыр. Әкімдер осындай жобаларды жүзеге асыруға кәсіпкерлерді белсенді түрде жұмылдыруы керек».

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: «МІНДЕТТІ ТАЛАПТАР ТІЗІМІ БИЗНЕСТІ ШЕКТЕН ТЫС ТЕКСЕРІСТЕРДЕН ҚОРҒАЙТЫН МАЫҢЗДЫ ҚҰРАЛДЫ БІРІ БОЛУҒА ТИІС»**

«Былтыр мен «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат бизнестің мүддесін ескере отырып, барынша ашық реттеу үлгісіне көшуге негіз болды. Бірақ Жарлық толық орындалмай отыр.

Іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан тиісті құқықтық базаны жаңғырту керек. Қазір елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр. Заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн. Жасанды интеллект технологиясы мұны жылдам әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Бұл орталық заңнаманы ретке келтірумен, түсінікті әрі тиімді ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Заңды күрделендіре бермеу керек. Қайта оны кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн. Мемлекеттік органдар бизнес өкілдеріне ескерту жасаудың орнына әлі күнге дейін тым қатаң әкімшілік шешімдер қабылдайды деген мәлімет маған да жетіп жатады. Мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды.

Міндетті талаптар тізімі бизнесті шектен тыс тексерістерден қорғайтын маңызды құралдың бірі болуға тиіс. Қолданыстағы нормалардың Кәсіпкерлік кодекске сәйкестігін қосымша тексеріп, тізімді тезірек қолданысқа енгізу қажет».

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: МЕН ДӘЛ БҮГІН ЕЛІМІЗДЕ КӨП ҰЗАМАЙ БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРУ ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРГІМ КЕЛЕДІ.**

«Мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым.

Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді.

Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық сектора, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет. Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын.

Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын.

Бұл – әлемде кеңінен тараған парламенттік рәсім. Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді.

Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады.

Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын.

Түптеп келгенде, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Әрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидасына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе?

Бірақ мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін.

Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана бәріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз».

**Ақорда.**

# АНОНИМДІ TELEGRAM АРНАЛАРЫ: «ИНСАЙДТАРДЫ» ҚҰПИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ МАҚСАТТАР

Анонимді арналар «құпия инсайдтар» мен «сахна сыртындағы шындықты» ұсынатындарын айтады. Бірақ шын мәнінде – бұл қоғамдық пікірге қысым жасау технологиясы. Анонимділіктің сыртында манипуляциялар, тапсыриспен жасалған материалдар және бопсалау жасырынған.

Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығының жаңа шығарылымында мына тақырыптар талданды:

- анонимділік неге тиімді;
- олардың жарияланымдарының механизмі қалай құрылады;
- псевдожурналистер қалай ақша табады;
- неге заң ресми БАҚ-қа да, анонимді әкімшілерге де бірдей қатал.

Жаңа шығарылымды көріп, өзгенің манипуляцияларына берілмеңіз.

**Елорда.**

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТЕҢІЗ АКВАШАРУАШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛА БАСТАЛДЫ

Маңғыстау облысының Құрық портында Каспий теңізінде теңіз аквашаруашылығын дамытуға арналған алғашқы тор қоршамалар суға түсірілді. Бұл Орталық Азиядағы алғашқы теңіз аквашаруашылық жобасы және Қазақстан теңіз аквашаруашылығын дамытудың жүзеге асырыла бастағанын көрсетеді, деп хабарлайды өңір әкімдігі.

Үш үлкен тор қоршама мен арнайы якорь жүйесінен тұратын жабдық Норвегияда жасалып, Каспий теңізінің табиғи жағдайына бейімделген. Құрық портына жеткізілген тор қоршамалар шетелдік және отандық мамандардың күшімен құрастырылып, порттан 20 шақырым оңтүстіктегі теңіз аумағына орнатылды. Экологиялық жағынан теңізге еш зияны жоқ.

Келесі кезеңде тор қоршамаларды балықпен толтыру жоспарланған. Бұл – Қазақстан мен Каспий теңізі тарихындағы ең үлкен тор қоршамалар: әрқайсысының айналымы 120 метр, тереңдігі 25 метр. Алғашқы екі жылда өндіріс көлемі 300-ден 1600 тоннаға дейін жетіп, кейін жылына 5000 тоннаға дейін ұлғаюы көзделген. Сонымен қатар 80-нен астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Жоба табиғи таза ортада каспий албырты тұқымдас балық өсіруге бағытталған. Балықтар экологиялық таза жеммен қоректеніп, теңіздің табиғи жағдайында өсірілмек. Бұл олардың пайдалы қасиеттерін толық сақтауға мүмкіндік береді.

Теңіз аквашаруашылығы жобасы Норвегия аквакультура институтының көпжылдық ғылыми зерттеулеріне негізделіп әзірленді.

Зерттеулер барысында теңіз суының гидрологиялық, гидрофизикалық және гидрохимиялық сипаттамалары, сондай-ақ учаскенің батиметриясы жан-жақты зерттелді.

Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай бұл бастама Маңғыстаудың агроөнеркәсіптік әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп, халқымыздың игілігіне қызмет ететінін атап өтті.

– Бүгін біз Маңғыстау облысы үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін де тарихи мәні бар маңызды оқиғаның куәсі болып отырмыз. Елімізде алғаш рет теңіз тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы іске қосылып, Каспий теңізіне алғашқы тор қоршамалар түсірілуде. Бұл жоба – Мемлекет басшысының агроөнеркәсіп кешенін әртараптандыру, аквашаруашылығын дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында іске асырылып отыр. Бұл бастама жаңа жұмыс орындарын ашуға, жастарды заманауи балық шаруашылығы саласына тартуға мүмкіндік береді. Бұл – Қазақстан аквашаруашылығының жаңа кезеңі басталғанының айқын белгісі. Бұл жоба Қазақстандағы теңіз аквашаруашылығының дамуына жол ашып қана қоймай, аймақтың экономикалық өсімге, экспорттық әлеуеттің артуына және экологиялық тұрақтылықтың сақталуына зор үлес қосады, – деді. Нұрдәулет Қилыбай.

**Маңғыстау.**



# ҚАЗАҚСТАНДА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕТІН СПОРТТЫҢ 46 ТҮРІ АНЫҚТАЛДЫ




Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 15 сәуірінде «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңына түзетулерге қол қойды. Бұл түзетулер жайлы ҚР туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты.

«Министрлікке спорттың ойын түрлері бойынша кәсіби клубтарды күтіп ұстауға бағытталатын бюджет қаражатын пайдалануға лимиттер белгілеу жөніндегі өкілеттіктер беру; Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ спортшыларды бюджеттік қаржыландыруға тыйым салуды белгілеу; «спорттың басым түрлері» ұғымын нақтылау; аккредиттелген спорт федерацияларына діни экстремизм мен терроризмге қарсы алдын алу шараларын қабылдау жөніндегі міндеттерді жүктеу; республикалық және өңірлік аккредиттелген спорт федерацияларының мәртебесін ұлттық федерацияларға трансформациялау, сондай-ақ оларды аккредиттеуге қосымша талаптар енгізу; «мүгедектігі бар спортшыны алып жүруші» ұғымын бекіту; дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың басшыларын ротациялау тетігін енгізу», – деді спикер.

Қабылданған түзетулерді іске асыру шеңберінде қолданыстағы актілерге өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде және жаңа заңға тәуелді актілер әзірленуде. Заңға сәйкес 60 нормативтік-құқықтық актінің тізбесі бекітілді. Оның 54-і жарияланды.

«Негізгі жаңалықтардың бірі спорттың 46 басым түрін анықтау болды. Аталған тізбеге Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына кіретін дисциплиналар, сондай-ақ Азия және Параазия ойындарында ұсынылған олимпиадалық емес спорт түрлері және ұлттық спорт түрлері енгізілген», – деді вице-министр.

Қабылданған шаралар ресурстарды әлеуеті жоғары спорт түрлеріне бағыттап, Қазақстанның жоғары жетістікті спорттағы нәтижелерін арттыруға мүмкіндік береді.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ПОЛИКЛИНИКАҒА ТІРКЕЛУДІ EGOV.KZ ПЕН EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін Қазақстанда медициналық ұйымдарға тіркеу науқаны өтеді. Осы кезеңде азаматтар өз поликлиникасын ауыстыруға мүмкіндік алады. Бұл рәсімді толықтай онлайн режимде – eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы, медициналық ұйымға бармай-ақ орындауға болады.

Қызмет поликлиникаға тіркеліп, учаскелік дәрігерді таңдауға мүмкіндік береді. Таңдалған дәрігерге сәйкес медициналық қызмет көрсету аумағы жүйеде автоматты түрде көрсетіледі. Науқан қорытындылары келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Алдыңғы ұйымнан тіркеуден шығару жаңа өтінім расталғаннан кейін автоматты түрде жүзеге асырылады.

Науқаннан тыс уақытта да поликлиниканы ауыстыруға болады. Бұл басқа елді мекенге қоныс аударғанда, жұмыс немесе оқу орнын ауыстырғанда, сондай-ақ поликлиника қайта ұйымдастырылған немесе жабылған жағдайда мүмкін. Мұндай жағдайда қызметті жылына бір рет қолдануға болады.

Қызметті eGov.kz порталында пайдалану үшін:

eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Денсаулық сақтау» бөлімін ашу қажет;

«Поликлиникаға тіркелу» қызметін таңдап, қажетті өрістерді толтыру қажет;

өтінімге қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен қол қою қажет;

«Көрсетілген қызметтер тарихы» бөлімінде белгіленген уақыт ішінде өтінімді өңдеу туралы хабарламамен танысуға болады.

Қызметті eGov Mobile қосымшасында пайдалану үшін:

eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өтіп, «eGov мемлекеттік қызметтері» – «Денсаулық сақтау» бөліміне өту қажет;

«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту» қызметін таңдап, қажетті деректерді енгізу қажет;

қызметті қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен растау қажет;

өтінімнің өңделу мәртебесін «Қызметтер тарихы» бөлімінен қадағалауға болады.

Қызметтің жоғары сұранысқа ие екенін статистика да дәлелдейді. 2024 жылы тіркелу қызметін 3,6 млн-нан астам рет пайдаланды: олардың 2 905 013-і eGov.kz порталында, 722 198-і eGov Mobile қосымшасында рәсімделді. 2025 жылы (шілде айына дейін) портал арқылы 1 135 628, ал мобильді қосымша арқылы 1 046 354 өтінім қабылданды.

Әдеттегідей ең жоғары белсенділік науқан кезеңінде байқалады. Мәселен, 2024 жылы қыркүйекте – 495 мың, қазанда – 502 мың, қарашада – 159 мың өтінім тіркелген.

Еске саламыз, қызмет арқылы кәмелетке толмаған балаларды және 18 жастан асқан әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтарды олардың қамқоршылары онлайн түрде поликлиникаға тіркей алады.

Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі өзара ынтымақтастығының аясында жүзеге асырылды.

**eGov.kz**

# ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШҚЫ ЦИФРЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Алматыда денсаулық сақтау саласындағы негізгі қызметті біріктірген заманауи Almaty Digital Medical Center – Цифрлық медицина орталығы ашылды. Орталық денсаулық сақтау көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіп, талдамалық деректі басқармаға жолдайды. Мұндай дерек басқарушылық шешім қабылдау үшін пайдаланылады, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Орталықта азаматтардың медициналық мәселесіне қатысты өтінішін қабылдайтын 1312 бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді. Оның арқасында емхана жүктемесі азайып, дәрігерлер пациентке көбірек уақыт бөле алады. Сондай-ақ жоғалған қоңырау саны айтарлықтай қысқарады.

Орталықта телемедициналық патронаж және жасанды интеллект негізіндегі дауыс көмекшілері енгізілген. Олар пациентті қашықтан бақылауға, мамандардың онлайн-консультациясын ұйымдастыруға, сондай-ақ қала тұрғындарын скрининг, вакциналау және тексеруге автоматты түрде шақыруға көмектеседі.

**«Бірінші желіде медициналық білімі бар мамандар, ал екінші желіде – лицензиясы бар білікті дәрігерлер жұмыс істейді»**, – деп түсіндірді бас директор Василий Мясников.

Мамандардың айтуынша, Almaty Digital Medical Center – медицина мен халықтың жаңа деңгейдегі өзара әрекеттестігі, ол қалалықтар үшін көмекті қолжетімді етіп, денсаулық сақтау жүйесінің ресурсын үнемдейді.

**Алматы.**

# CARDIFF UNIVERSITY ШЕТЕЛДЕГІ АЛҒАШҚЫ КАМПУСЫ АШЫЛДЫ

Астанада Cardiff University Kazakhstan ресми түрде ашылды. Бұл – Cardiff University алғашқы шетелдік кампусы, әрі Орталық Азиядағы Russell Group жалғыз кампусы. Іс-шара халықаралық білім беруді дамытудағы және Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтудағы маңызды қадамға айналды.



Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания үкіметінің өкілдері, сондай-ақ Cardiff University және Cardiff University Kazakhstan басшылығы қатысты. Қонақтар қатарында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ұлыбританияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Салли Аксворти, Cardiff University президенті және вице-канцлері профессор Венди Ларнер, Cardiff University Бас операциялық директоры және хатшысы, сондай-ақ Cardiff University Kazakhstan директорлар кеңесінің төрағасы доктор Пола Сандерсон, Cardiff University кеңесінің төрағасы Патрик Янг болды.

«Қазақстан өңірлік академиялық хаб ретінде дамып келеді. Биыл елімізге 31 мыңнан аса шетелдік студент келді. Мемлекет басшысының бастамасымен жоғары білім мен ғылым саласында ауқымды стратегия жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – елімізде жетекші шетелдік зерттеу университет филиалдарының ашылуы. Соңғы үш жарым жылдың ішінде 40-қа жуық шетелдік жоғары оқу орны Қазақстанға келсе, оның бесеуі ірі кампустарын ашуға шешім қабылдады», – деді министр.

Ведомство басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстанның әр өңірінде жоғары деңгейлі шетелдік филиалдар жұмыс істей бастады. Әрбір серіктеспен он жылдық келісімшарт жасалып, жергілікті университеттерді халықаралық стандарттарға сай зерттеу университетіне айналдыру міндеттемесі алынғанын атап өтті.

«Мен үшін Қазақстанда Cardiff University филиалының ашылуы зор құрмет. Бұл – Cardiff University алғашқы халықаралық кампусы. Біз академиялық тұрғыдан мықты студенттердің алғашқы легін қабылдауды асыға күттік. Сондай-ақ біз Russell Group құрамындағы Қазақстанда кампус ашқан алғашқы университет атандық. Бүгінгі кампустың ашылуы – үлкен еңбектің нәтижесі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметіне біздің ортақ мақсаттарымызды жүзеге асыруға көрсеткен қолдауы үшін ерекше ризашылығымды білдіремін», – деді профессор Венди Ларнер, Cardiff University президенті және вице-канцлері.

Cardiff University халықаралық рейтингтерде дәстүрлі түрде жоғары орын алады. QS World University Rankings 2026 нұсқасы бойынша 181-орында, Complete University Guide 2026 нұсқасы бойынша 22-орында. Зерттеулердің 91%-ы халықаралық деңгейде үздік деп танылды (REF 2021). Russell Group мүшелігі Cardiff University-ді Ұлыбританиядағы жетекші зерттеу университеттерінің бірі ретінде бекітеді.

2025 жылғы қыркүйек айынан бастап Cardiff University Kazakhstan келесідей төрт жылдық бакалавриат бағдарламаларына студенттер қабылдайды:

BSc Computer Science (Компьютерлік ғылым);
BSc Business Management (Бизнес басқару);
BEng Civil Engineering (Азаматтық құрылыс);
BSc Exploration Geology (Геология және кен орындарын барлау).

Оқыту толық ағылшын тілінде жүргізіледі, сабақтарды Cardiff University және Cardiff University Kazakhstan профессор-оқытушылар құрамы жүргізеді. Университет Ұлыбританиядағы бас университеттің тікелей басқаруымен жұмыс істейді және британдық сапа стандарттарын қамтамасыз етеді. Студенттер кампустар арасында академиялық мобильділікке ие болады және заманауи жатақханалармен қамтамасыз етіледі.

**Астана.**


## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ZeineP» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес Шымкент қаласы., Енбекшы ауданы, Жұлдыз 336/40 тұрғын ауданы, АЭА аумағында орналасқан «Қоршаған ортаны қорғау» жобасына жария талқылау жүргізеді.

Сіз өзіңізді қоғамдық талқылау таныса аласыз, содан кейін Интернет ресурстардағы қоғамдық талқылау жарияланған хаттамасымен: Ұлттық деректер бюросы қоршаған орта және табиғи ресурстар жағдайы https:// ndbecology. gov.kz/ танысасыз. Ескертулер мен ұсыныстар порталда қабылданады 17.09.2025ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде. Байланыс тел.пошта - жобаны әзірлеуші ЖШС «Буровые системы» БСН:070140001182, ЖСК KZ296017291000003722 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, тел.87771510355 Kairat6220@mail.ru, жоспарланған іс-шараларға қосымша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерін алуға болады;
- «ZeineP» ЖШС, Шымкент қаласы., Енбекшы ауданы, Жұлдыз 336/40 тұрғын ауданы АЭА аумағы БСН: 170340018551, ЖСК: KZ0585622031181615O2 АҚ «Банк ЦентрКредит», Тел.: 87759913240

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ZeineP» в соответствие с требованием Экологического Кодекса РК, проводит публичное обсуждение на проект «Охрана окружающей среды» на завод по производству дезинфицирующих веществ расположенный в городе Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Жулдыз 336/40, територия СЭЗ. С материалами по которой можно ознакомиться, выносимые на публичные обсуждения, а после и с опубликованным протоколом можно по интернет ресурсу: НБД ООС и ПР https:// ndbecology. gov.kz/. Замечания и предложения принимаются на портале с 17.09.2025г. в течении 5 рабочих дней.
Контактные телефоны эл.почта:
- разработчик проекта ТОО «Буровые системы» БИН:070140001182 ИИК KZ296017291000003722 АО «Народный Банк Казахстана», тел. 87771510355 Kairat6220@mail.ru по которым можно получить дополнительную информацию и копии документов по намечаемой деятельности ;
- ТОО «ZeineP» город Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Жулдыз 336/40, територия СЭЗ, БИН 170340018551 ИИК: KZ0585622031181615O2, АО ««Банк ЦентрКредит», Тел.: 87759913240.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Қазығұрт ауданында орналасқан «Бағаналы» гипс пен ангидрит кен орнына арналған тау-кен жұмыстарына өндірістік экологиялық бақылау, қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 21.10.2025 ж. сағат 15:00, Мемлекеттік мекеме "Қарақозы Әбдәлиев ауылдық округі әкімінің аппараты" Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Рабат ауылында, Ақпан батыр көшесі, 30-үйде орналасқан.

(Әкімшілік ғимаратының мәжіліс залында болады).

Жобаның тапсырыс берушісі: «АсылТас-Альянс» ЖШС БИН: 050540003259 мекен-жайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қыдыр Мамбетұлы ауылы, К. Сатыбалдыев көшесі, 137-үй. e_mail: asyl.tas@bk.ru тел.: 98-21-22

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: "EcoScienseGroup" ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, БИН: 230840042704 e-mail: ecosciense@mail.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

Жұртшылық пен мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын "Түркістан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2, 10, e-mail мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3-ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Конференция идентификаторы: 616 540 8596
Кіру коды: 123456
Географиялық координаттары: 41қ56’26”N 69қ20’08”E.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания по проекту производственного экологического контроля, программам управления отходами и плану мероприятий по охране окружающей среды для горных работ на месторождении гипса и ангидрита «Бағаналы», расположенном в Казыгуртском районе Туркестанской области.

(Заседание состоится в административном здании в конференц-зале).

Дата, время и место проведения слушаний: 21.10.2025 г. в 15:00. Государственное учреждение "Аппарат акима сельского округа Каракозы Абдалиева" расположено по адресу: Туркестанская область, Казыгуртский район, село Рабат, улица Акпан батыра, дом 30.

Заказчик проекта: ТОО «АсылТас-Альянс», БИН: 050540003259, адрес: Туркестанская область, Казыгуртский район, село Кыдыр Мамбетулы, улица К. Сатыбалдыев, дом 137.
E-mail: asyl.tas@bk.ru, тел.: 98-21-2.

Разработчик проекта: ТОО "EcoScienseGroup", адрес: г. Шымкент, ул. Переулок М. Пошанов д. 32/28, БИН: 230840042704 e-mail: ecosciense@mail.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанский области» по адресу: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59

Подключение к конференции Zoom:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGR-OYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Идентификатор конференции: 616 540 8596
Код доступа: 123456
Географические координаты: 41қ56’26”N 69қ20’08”E.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«АҚМАРАЛ» аурухана» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №24 үй мекенжайында орналасқан «АҚМАРАЛ» аурухана» мекемесі үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz 19 қыркүйекте қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: 161200, Түркестан қ-ы, Жаңа қала ш.а. 32 кө-і, 20 ғим, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Учреждение "Больница "АКМАРАЛ" сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды для Учреждение "Больница "АКМАРАЛ", расположенного по адресу: Туркестанская область, г. Туркестан, улица Г.Муратбаев, дом № 24.

Проектная документация будет доступна на информационной системе НБД https://ndbecology.gov.kz/с 19 сентября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного испольнителного органа: 161200, г.Туркестан, мкр. Жаңа қала, ул. 32, зд. 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Тапсырыс беруші «QAZ-CO2» ЖШС «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, «Жұлдыз» тұрғын алабы, «Жұлдыз» ӨА, №22336920250421000004 учаскесі мекенжайында орналасқан, «QAZ-CO2» ЖШС көмірқышқыл газын өндіру зауытының құрылысы» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (https:// ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 17.09.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Заказчик ТОО «QAZ-CO2» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство завода по производству углекислого газа, расположенного по адресу: г.Шымкент, р-н Енбекшинский, ж.м. Жулдыз, ИЗ «Жұлдыз», уч.№22336920250421000004, ТОО «QAZ-CO2» Проектная докментация доступно на едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 17.09.2025г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.**


«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасы «Turkistan Media Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Уәли Қыдырға қайынатасы

**Сағали КӨПЕСОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады